7199-25-00-2а/4440

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 3 қыркүйек Астана қаласы

Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья М.А.Хожабергенов, судьялар Г.М.Тайбағарова, А.Болатұлы,

талап қоюшының өкілі Д.Б.Қыдырбековтың қатысуымен,

ашық сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 11 маусымдағы шешіміне талап қоюшының түскен апелляциялық шағымы бойынша «Жасыл даму» акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Conilim» атынан - Серкебаева Айгерим Ербулаткызына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2024 жылғы 27 желтоқсанда «Жасыл даму» акционерлік қоғамы (Тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Conilim» атынан - Серкебаева Айгерим Ербулаткызы (Өнім беруші) арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы (әрі қарай - Шарт) жасалған.

Шарттың тараптарына сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша 497 300 теңгеге «Полиграфиялық өнімдерді (кітаптардан, фотодан, мерзімді басылымдардан басқа) жасау/басып шығару бойынша полиграфиялық қызмет» көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызметтерді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шартқа №1 қосымшасына сәйкес, қызмет көрсету мерзімі техникалық ерекшелікке сәйкес, шарт жасалған күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, қызмет міндетті түрде тапсырыс берушімен келісіліп жасалуы қажет, құжаттардың санында, көлемі, сапасы және мәтінінде өзгеріс болуы мүмкін.

Тапсырыс беруші 2025 жылғы 4 наурызда портал арқылы 1 743 дана үстелдік күнтізбе түріндегі тауарды 31.05.2025 жылы келісу және келісілген тауарды 2025 жылғы 5 наурызға дейін жеткізу жөніндегі міндеттемені орындау туралы көрсетілген өтінімді жолдаған

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 07.03.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 08.04.2025 жылы бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Хожабергенов М. А., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Тайбагарова Г. М., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 08.09.2025

Талап қоюшы талапты негіздей отырып, жауапкер қызметті шарт талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде орындамағанын көрсеткен. Талапты қанағаттандыруды сұрады.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 11 маусымдағы шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылды.

Талап қобшы апелляциялық шағым түсіріп, соттың шешімнің күшін жою, талап қоюы қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұрады. Өнім беруші міндеттемелерді орындамаған кезде 2024 жылғы 1 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заң қолданыста болғанын, оның 8-бабы 4-тармағының 3-бөлігіне сәйкес сотқа талап арыз беру мерзімі өткізілмегенін көрсетті.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, себептері туралы хабарламады, осыған байланысты алқа істі жауапкер болмаған кезде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 418-бабының 2-тармағының тәртібімен қарады.

Талап қоюшыны тыңдап, іс материалдарын зерттеп, алқа келесіге келді.

Бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырудан бас тартып, келесі көрсетті.

Шарт 2024 жылғы 27 желтоқсанда жасалғандықтан, оған 2015 жылғы 4 желтоқсандағы редакциядағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң қолданылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін

Құжатқа қол қойылған: Хожабергенов М. А., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Тайбагарова Г. М., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 08.09.2025

орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Ұсынылған материалдардан шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің жауапкер тарапынан орындалмағаны, техникалық сипаттама талаптарына сәйкес қызметтер шартта көзделген мерзімде көрсетілмегені анықталды.

Талап қоюшы жеткізушінің шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағанын көрсете отырып, олардың орындалу мерзімі 2025 жылғы 5 наурызға сәйкес келсе де, сотқа 2025 жылғы 11 сәуірде жүгінген, яғни заңда белгіленген мерзім өткеннен кейін. Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Алайда, алқа мұндай тұжырымдармен келіспейді, оларды қате деп санайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 4-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтық заң құжаттары күшіне енгізілгенге дейін пайда болған қатынастар бойынша ол ол өзі күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған құқықтар мен міндеттерге қолданылады. Азаматтық заң құжаттары күшіне енгізілгенге дейін жасалған шарт бойынша тараптардың қатынастары осы Кодекстің 383-бабына сәйкес реттеледі. АК-нің 383-бабына сәйкес шарт тараптар үшін оны жасасу кезінде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген міндетті ережелерге (императивтік қалыптарға) сәйкес келуге тиіс. Егер шарт жасалғаннан кейін шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса, жасалған шарттың ережелері оның күні бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылады деп заңдармен белгілегендегіден басқа жағдайларға, өз күшін сақтайды.

Бұл жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптары Тапсырыс берушінің өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап арыз беру жөніндегі әрекеттерін реттемейді. Мұндай әрекеттер тек заңмен реттеледі.

Құжатқа қол қойылған: Хожабергенов М. А., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Тайбагарова Г. М., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 08.09.2025

Сондықтан даулы құқықтық қатынастарға 2024 жылғы 1 шілдедегі қолданыстағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңды (бұдан әрі – Заң) қолдану қажет болды.

Заңның 8 - бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер істің мән-жайлары бойынша шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады, сондықтан мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылған күннен бастап сотқа жүгіну мерзімін санау қажет болды.

Талап қоюшы шартты 2025 жылдың 8 сәуірінде бұзып, 2025 жылдың 11 сәуірінде сотқа жүгінгендіктен, талапты қанағаттандыруға барлық негіз болды.

Осылайша, сот материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбады, осыған байланысты ол іс бойынша қабылдаған шешім талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарумен жойылуға жатады.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігіннің 3 тармағын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 11 маусымдағы шешімінің күшін жойылсын, іс бойынша жаңа шешім қабылдансын.

«Жасыл даму» акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Conilim» атынан - Серкебаева Айгерим Ербулаткызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Жеке кәсіпкер «Conilim» атынан - Серкебаева Айгерим Ербулаткызынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

7199-25-3-2/4464

Апелляциялық сатыдағы сотының қаулысына заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оған кассациялық шағым, наразалық азаматтық істер жөніндегі Кассациялық сотқа берілуі мүмкін.

Төрағалық етуші М.А.Хожабергенов

судьялар Г.М.Тайбағарова

А.Болатұлы

Құжатқа қол қойылған: Хожабергенов М. А., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Тайбағарова Г. М., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 08.09.2025

Құжатқа қол қойылған: Хожабергенов М. А., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Тайбагарова Г. М., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 08.09.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

Құжатқа қол қойылған: Хожабергенов М. А., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Тайбагарова Г. М., 08.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 08.09.2025

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911